



Білім алушылардың мектеп жасынан бастап экологиялық мәдениетін қалыптастыру үшін волонтерлар клубын ашу.

Жолдасова Н.Ф., Алтаева А.М., Бертаева М.М.
zholdasovanauat@gmail.com, asel_8110@mail.ru,
bertayevamakpal1@gmail.com.



Жобаның өзектілігі:

- ❖ Қазір планетаның әрбір тұрғынына, орташа алғанда, жылына 20 т. жуық шикізат өндіріледі, ол 800 т. су мен 2.5 кВт энергияны қолданумен азық-түлік өнімдеріне өңделеді де шамамен 90-98 % қалдыққа кетеді. Сонымен қатар, тұрмыстық қалдықтардың үлесі бір адамға жылына 0,3-0,6 т. асады. Осы экологиялық проблемаларды шешу факторының бірі ретінде-қалдықсыз технологияны айтуға болады.
- ❖ Қалдықсыз өндіріс кезінде бастапқыда барлық шикізат соңғы қорытындыда осы немесе өзге өнімге айналады. Қалдықсыз технология – бұл өнімді өндірудің тәсілі энергия мен шикізат кезеңінде кешенді және әбден орынды түрде пайдаланылады.
- ❖ 2020 жылы “Волонтерлар жылы” болып қабылданғанына байланысты, экологиялық проблемаларды шешуде еріктілер қызметінің маңызы зор.



Жобаның мақсаты мен міндеттері:



Жобаның мақсаты: білім алушылардың әлеуметтік жауапкершіліктерін мектеп жасынан бастап арттыруға волонтерлар клубын ашу.

Жобаның мақсатын орындауға арналған міндеттер:

Экологиялық проблемалардың “қалдықсыз технология” көмегімен шешу жолдарының тиімділігін талдау;

Білім алушылардың экологиялық мәдениетін арттыру үшін “Қалдықсыз технологияның” тиімділігін түсіндіруге мектептерде еріктілерден құралған Волонтерлар клубын ашу.

Волонтерлар клубының мектептерде атқаратын қызметін жоспарлау және оны іске асыру.



□ Қалдықсыз технология



Қалдықсыз технология – адам қажеттілігін қанағаттандыру бағытында табиғи ресурстарді тиімді пайдалану және ластануға тыйым салу үшін барлық білімімізді, әдістермен тәсілдерді практикалық тұрғыда пайдалану.



Алматы 2019 ж



□ Волонтерлік жұмыстар



Волонтерлік

Қызметтердің кең ауқымдылығы,
ішіне өзара көмектің дәстүрлі
пішіндерін және өзіне деген көмектің
арттыруы болып келеді.





Мектептерде “қалдықсыз технологияны” іске асырудың этаптары:



Экологиялық проблемаларды шешу мақсатында мектепте еріктілерден құралған Волонтерлар клубын құру;

Мектепте білім алушылардың экологиялық проблемаларды шешуде “ қалдықсыз технологияның” маңызын түсіндіру үшін еріктілер клубының ұйымдастыруымен әр түрлі шаралар, семинарлар өткізу;

Мектептерге қоқыстарды бөлуге арналған арнайы жәшіктерді орналастыру;

Арнайы қоқыс жәшіктеріне жиналған қоқыстарды өткізу орындарына жіберуді қадағалау.